

# Статистикалық бақылау

# СТАТИСТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

1. Статистикалық бақылауды ұйымдастыру формалары
2. Статистикалық бақылау түрлері
3. Статистикалық бақылау тәсілдері
4. Статистикалық бақылау бағдарламасы
5. Статистикалық бақылау мәліметтерін тексеру

**Статистикалық бақылау** - қоғамдық құбылыстар туралы мәліметтерді жоспарлы және ғылыми ұйымдастырылған түрде жинау

**Статистикалық бақылау жұмыстарының 3 кезеңі:**

- статистикалық бақылаудың дайындық жұмыстары
- қажетті материалды (бастапқы мәліметтерді) жинау
- жиналған материалды өңдемес бұрын тексеру

# Бақылау уақыты

Объективті

Бақылау  
мәліметтеріне  
қатысты уақыт

**Мысалы:**  
шығарылған өнімді  
есепке алу уақыты

Субъективті

Бақылау жүргізілетін  
уақыт аралығы

**Мысалы:** халық  
санағы, мал санағы

# Статистикалық бақылауға қойылатын талаптар:

- статистикалық мәліметтердің **толықтығы** және практикалық **құндылығы**
- мәліметтердің **дұрыстығы** және **дәлдігі**
- уақыт және кеңістік өлшемдері бойынша мәліметтердің **салыстырмалы** болуы
- бақылау жүргізілетін жиынтықты іріктеудің **негізді** болуы (жалпы жиынтықты сипаттауы)

```
graph LR; A[Статистикалық бақылаудың формасы] --- B[есеп беру формасы]; A --- C[арнайы ұйымдастырылған бақылау];
```

**Статистикалық  
бақылаудың  
формасы**

**есеп беру  
формасы**

**арнайы  
ұйымдастырылған  
бақылау**



## **Есеп берудің негізгі ерекшеліктері:**

- бақылау бірлігі есепті міндетті түрде береді;**
- есеп құжаттарға негізделіп жасалады;**
- есепке басшының қолы қойылып, заңды түрде расталады**

**Статистикалық бақылау түрі екі  
факторға байланысты  
анықталады**




**1. Жиынтықтағы бірліктерді  
қамту дәрежесіне байланысты**



**2. Мәліметтерді тіркеуге алу  
уақытына байланысты**





**Бақылау түрі**  
(II фактор бойынша)

Ағымдағы бақылау

Мерзімдік бақылау


Бір жолғы бақылау



үздіксіз



үздікті



# Статистикалық бақылау бағдарламасы

- **Бақылау бағдарламасы** деп бақылау барысында бақылау бірліктеріне қойылатын сұрақтардың тізімін немесе тіркеуге алынатын белгілердің тізімін айтады.
- Статистикалық **бақылау объектісі** деп зерттелетін әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестерді айтады.
- Статистикалық **бақылау бірлігі** деп белгілері тіркеуге алынатын, яғни бастапқы статистикалық мәліметтер жиналатын бақылау объектілерінің құрамындағы элементтерді айтады

# Формуляр

Бақылау бағдарламасындағы сұрақтардың жауабын жазу үшін қолданылатын белгілі бір нысандағы арнайы құжатты **формуляр** дейді.

Бақылаудың ерекшелігіне байланысты формуляр әр түрлі аталады:

- ✓ бланк
- ✓ форма (нысан)
- ✓ сауалнама
- ✓ карта
- ✓ санақ қағазы

# БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰРУ ПРИНЦИПТЕРІ

- бағдарламада зерттеуге сөзсіз қажет сұрақтар ғана болуы тиіс;
- бағдарламаға дәл жауап алатын сұрақтарды ғана енгізу қажет;
- бақылау бағдарламасын бір сұрақтардың жауаптары арқылы екінші бір сұрақтардың жауаптарын тексеруге болатындай етіп құру орынды.

## Бақылау қатесі

- көрсеткіштің бақылау нәтижесінде алынған мәні мен нақты мәнінің айырмасы

Іріктеліп, бақылауға алынған жиынтық бөлігіндегі зерттелетін белгі мәнінің негізгі жиынтықтағы оның нақты мәнінен ауытқуын *репрезентативті қате* дейді.



Репрезентативті қате тек жартылай бақылау кезінде болады



Мұндай қателер негізгі жиынтықтың бір бөлігі ғана зерттелгендіктен болады.




***Тіркеу қатесі***  
деректерді дұрыс  
жазбағанда болады

бақылау барысында  
анықтамағанда, дұрыс

## Тіркеу қатесінің түрлері

- кездейсоқ қате
- жүйелі қате



***Кездейсоқ қателер*** қызметкер  
біліктігінің төмендігінен, жұмысқа  
ынтасыз болуына байланысты  
жіберілуі мүмкін

# Жүйелі қателер

*әдейі  
жасалған*

*байқаусыз  
(абайсыз)  
жіберілген*



# Статистикалық бақылау мәліметтерін тексеру жолдары



**логикалық тексеру**



**арифметикалық тексеру**